

ҚР ҰҒА ЖУРНАЛДАРЫНЫҢ АВТОРЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР МАҚАЛАЛАР РЕЦЕНЗЕНТТЕРГЕ САРАПТАМАҒА БЕРІЛЕДІ

Құрметті авторлар!

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 «2016-2019 жылдарда Қазақстан Республикасындағы білім мен ғылым дамуының Мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» (одан әрі – Бағдарлама) жарлығына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының (одан әрі – ҚР ҰҒА) Төралқасы ҚР ҰҒА журналдарына жарияланатын мақалаларға қойылатын Ережелер мен талаптарға өзгерістерді бекіткен (ҚР ҰҒА Төралқасының 22.09.2017 ж. № 27 Қаулысы).

Бағдарлама мақсаттары мен міндеттерін орындау мақсатында ҚР ҰҒА журналдарын Scopus пен Clarivate Analytics (Thomson Reuters) мәліметтер базасына енгізу жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі уақытта ҚР ҰҒА журналдары Scopus пен Clarivate Analytics Кеңестік Комиссиясының (CSAB) сараптау кезеңінен өтуде.

Осыған орай, 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап жарияланымға қабылданатын мақалалар мемлекеттік немесе орыс тілдерінде және мақаланың толық ағылшын тіліне аударылған нұсқасымен бірге қабылданады. Ағылшын тілінде аударылған нұсқасы болмаған жағдайда мақала авторға қайтарылады.

Сонымен қатар, Scopus Кеңестік Комиссиясының (CSAB) авторлар мен аудиторияны халықаралықтандыру талаптарын ескере отырып, журналдар редколлегиясы мақалаларды алыс және жақын шетел ғалымдарымен бірлесіп жариялауды ұсынады.

Журналдарда жаратылыстану-техникалық және қоғамдық ғылымдардың түрлі саласындағы зерттеу нәтижелері жөнінде ғылыми мақалалар мен жазбалар, шұғыл-хабарламалар жарияланады.

Жариялау туралы шешімді рецензиялағаннан кейін ұсынылған материалдардың ғылыми маңыздылығы мен өзектілігін ескере отырып, журналдың редакциялық алқасы қабылдайды. Редакциялық алқа қабылдаудан бас тартқан мақалалар қайта қабылданбайды әрі қаралмайды. Ереже бойынша рәсімделмеген қолжазбалар қараудан өткізілместен авторларға қайтарылады.

Қолжазбаны редакцияға ұсынарда авторларға аталған зерттеу саласындағы мамандардан үш әлеуетті рецензентті (толық аты-жөні және электронды пошталық мекенжайымен қоса) белгілеу ұсынылады.

Қолжазба редакциялық алқа мүшесі мен ұсынылған рецензенттердің біріне пікір білдіру үшін жіберіледі; даулы мәселелерде редакциялық алқаның қарастыруы бойынша қосымша рецензенттер тартылады; мамандардың қорытындыларының негізінде редакциялық алқа қолжазбаның бұдан кейінгі

жағдайын, атап айтқанда, ұсынылған күйде жариялауға қабылдау, жетілдіру қажеттілігі немесе қабылдамау мәселелерін анықтайды. Қажет жағдайда қолжазба рецензенттер мен редакторлардың ескертуі бойынша авторларға толықтыру үшін қайтарылады, содан кейін ол қайта рецензияланып, редакциялық алқа қолжазбаның жариялауға жарамдылығы мәселесі бойынша қайта шешім қабылдайды. Қайта өңделген жазба редакцияға авторлар пікірлерді алғаннан кейін бір айдың ішінде қайтарылуы керек; әйтпесе қолжазба жаңадан түскен күйінде қайта қарастырылады. Рецензиялау барысында жеткіліксіз жоғары баға алған қолжазба журналдың жариялану профиліне немесе дәрежесіне лайықсыз деп есептелетіндіктен қабылданбайды.

Авторлар ғылыми нәтижелердің сенімділігі мен маңыздылығы және жұмыстың ғылыми мазмұнының өзектілігіне жауапты. **ПЛАГИАТ** жасауға рұқсат етілмейді. Плагиат дегеніміз – өзге адамдарға өзін шынайы автор деп жариялап, жалған ақпарат беру, физикалық тұлғаның басқа адамның шығармашылық еңбегін заңсыз әдейі пайдалануы.

Редакция қарап, тексеру үшін akadem.nauk@mail.ru адресіне – электронды поштасына біріктірілген файлдар формасында (Айтбаев.doc) жолданған қазақ, орыс және ағылшын тіліндегі қолжазбаларды қабылдайды. Қолжазбалармен жұмыс жүргізу барысының барлық кезеңдерінде, сонымен қатар, авторлармен, редакторлармен және рецензенттермен хабарласу үшін редакция электронды пошта байланысын қолданады, сондықтан авторлар **жазда көрсетілген электронды мекенжайға мұқият** болуы қажет және орын алған өзгерістер жайлы уақытында хабарлауы тиіс.

Редакцияға мақала жолдағанда авторлар осыған ұқсас материалды (түпнұсқасынан басқа тілге немесе басқа тілден аудармаған) бұрын басқа журнал(дар)ға жібермеуі тиіс, материал бұрын басқа журналда жарық көрмеуі және жариялауға жолданбауы, қабылданбауы қажет. Қолжазбамен жұмыс істеу барысында осыған ұқсас материал (басқа атаумен және басқа авторламен бірге жариялануы) басқа журналға жіберілсе, мақала авторларға бірден қайтарылады, аталған материалды қарастыруға алған журналға Редакция мен Басылымның авторлық құқықтарын бұзғандығы үшін қабылдамау жөнінде хабарланады.

Мақала материалы – қазақ, орыс және ағылшын тілінде түйіндемені, әдебиеттер тізімін, суреттерді, суреттер мен кестелердің астындағы жазылған жазуларды қосатын мәтін бір файлмен рәсімделеді; әр сурет қосымша жеке файлдар ретінде рәсімделеді. Егер жіберілетін материал көлемі бойынша көлемді болса, архивтеуге арналған бағдарламаларды қолдану қажет. Қолжазбалардың барлық беттерін, соның ішінде кестелерді, әдебиеттер тізімін, суреттерді және олардың астындағы жазуларды нөмірлеу керек.

Жариялануға ұсынылған материалдар төмендегідей талаптарға сәйкес болуы тиіс:

1. Бұрын жарияланбаған және басқа басылымдарда жариялауға арналмаған физика, математика, механика, информатика, биология, медицина,

геология, химия, экология, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы өзекті мәселелер бойынша түпнұсқадағы ғылыми зерттеулердің нәтижелері болуы қажет. Мақалаға қосымша зерттеу жүргізілген мекеменің жариялауға рұқсат еткен шешімі талап етіледі.

2. Мақаланың көлемі Word редакторында Times New Roman шрифтімен терілген, төменгі және жоғарғы жақ шеттері – 2 см, сол жағы – 3 см, оң жақ шеті 1,5 см болатын, жұмыстың мақсатын, жұмыс жүргізу әдісін немесе әдіснамасын, жұмыс нәтижелерін, нәтижелерді қолдану аясын, қорытындыларды (аннотация, кем дегенде, 20 сөйлем (150-300) - (ағылшын тілінде) 1 компьютерлік интервал арқылы), кестелерді, суреттерді, әдебиеттер тізімін (1 компьютерлік интервал арқылы шрифт мөлшері - 14), көрсететін негізгі мәтіннің алдындағы аннотацияны қосқанда 7-10 бет (шолу сипатындағы мақалалар – 15-20 бет). Суреттердің саны – 5 - 10.

Оформление.

- Название
- Авторы
- Места выполнения работы
- Резюме (Структурированное)

Структура статьи

- I Introduction
- M Methods
- R Results
- A (and)
- D Discussion
 - Acknowledgements
 - Funding!
 - Список литературы

Құрылымы халықаралық IMRAD формуласына сай болуы керек, мұндағы I – introduction (кіріспе), M – Methods (әдістер), R – Results (зерттеу нәтижелері), A – және, D – conclusion + discussion (қорытынды, нәтижелерді талқылау мен тұжырымдар).

Атауы • Жұмыстың мазмұнын көрсетеді • Қысқа • Қысқартпаларсыз

Тегінің жазылуын нақтылау

Ұйым атауының ағылшын тіліндегі нұсқасын ресми түрде бекітіп, қысқартып көрсету қажет.

Түйіндеме • Құрылымдалған • Қысқартпаларсыз • Мақала құрылымын көрсетеді – Не үшін? (өзектілігі) – Қандай әдістер қолданылды? – Не алынды? – Білім шеңберін қалай өзгертті? Бірінші кезекте Осыны оқиды, тек жақсы түйіндеме назар аударта алады.

Кіріспе • Жұмыстың өзектілігі • Қандай міндеттер қойылған • Не үшін
Әдістер • Санамалау • Белгілі әдіс болса – сілтемесін беру • Егер жетілдірілген болса – қалай екенін көрсету • Қайталай алатындай сипаттау • Статистика!

Нәтижелері • Хронологиялық емес, логикалық баяндау рұқсат етіледі • Толықтай емес, тек ең негізгілері • Минималды қажетті жиынтық мәліметтермен суреттеледі (бастапқы мәліметтер қосымша материалдарда болуы мүмкін)

Талқылау • Нәтижелерді қайталамау • Алынған мәліметтерді алдыңғы мәліметтермен салыстыру • Үлгілік себептер мен салдарларды талқылау

Әдебиеттер тізімінің қызметтері: • Идеяны дәлелдеу • Бұрынғы мәліметтермен салыстыру • Зерттеу орнын белгілеу • Плагиатты болдырмау • Журнал мен ғалым үшін = мойындалуы • Көп жағдайда тек жеке еңбектерін немесе өте ескі жұмыстар көрсетіледі (өз еңбектерінен дәйексөз алу жалпы әдебиеттер тізімінің тек 10-15% рұқсат етіледі) • Көшпелі қателер

Айырмашылығын біліңіз • Сілтемелер • Әдебиеттер тізімі • Библиография

Неден дәйексөз алуға болады • Кітаптар (монографиялар, тараулар) • Ғылыми журнал мақалалары • Конференция материалдары • Патенттер • Диссертациялар • Жарияланбаған мәліметтер • БАҚ • Веб ресурстар (хаттамалар, веб парақшалар) Мәліметтер көзі сенімді және қолжетімді болуы тиіс.

Моменты критичные для корректной автоматической индексации списка литературы

- Формат (Автор указан только раз)
- Наличие знаков // и ibid делают невозможной автоматическую обработку
- на латинице (транслитерация, не перевод)
- без "буквенного микса"
- Названия изданий и их сокращений
- Корректность ссылок

Омоглифы ⇒ "буквенный микс" или кириллица в текстах на английском



АОСЕНТРИМВХ - буквы какого алфавита?

- NAUKOVETS
- NAUKOVETS – смешанные буквы
- Красные – кириллица, черные - латиница
- N■U■V■S – так это слово "увидит" робот!
- Приводит к некорректному распознаванию, и индексированию авторов, статей организаций.
- Переключать клавиатуру!!!

МАҚАЛА ағылшын тілінде БАСТАЛАДЫ. Беттің басы мен ортасында мақаланың атауы ірі қою бас әріптермен жазылады, мақаланың атауы қысқа және нақты, жүргізілген зерттеулерге сәйкес, ағылшын тілінде шамамен 30-40 символдан тұруы тиіс.

Әрі қарай келесі жолда авторлардың инициалы мен тегі әдеттегі ірі қою әріппен, келесі жолда жұмыс орындалған ұйым атауы, қаласы, мемлекеті, келесі жолда авторлардың e-mail адрестері көрсетіледі. Азат жолдан кілт сөздер (**Key words**), ал жаңа жолдан аннотация (**Abstract**, кем дегенде **150-300 сөз**) жазылады.

Әрі қарай, бір жолды бос қалдырғаннан кейін *орыс тілінде* басталады. Мақаланың басында сол жақ жоғарғы шетінде **ӘОЖ**, **XFTAP** индексі көрсетілуі тиіс.

Кейін, беттің ортасына: 1) мақаланың атауы; 2) авторлар; 3) ұйымның атауы; азат жолдан бастап – **Түйін сөздер**, кейін **Аннотация** (шрифттердің рәсімделуі ағылшын тіліндегідей) жазылады.

Бір жолды бос қалдырғаннан кейін **мақала** басталады. Мақаладан кейін **Әдебиеттер** тізімі көрсетіледі. Әдебиет дереккөздеріне сілтемелер тік жақша ішінде сандармен ескертілуі бойынша (кем дегенде 20 сөз) беріледі.

2018 ж. бастап әр мақалаға DOI (Digital Object Identifier) міндетті – бұл құжаттың сандық идентификаторы. DOI бұрынғы сайт кейін өзгертілген жағдайда барлық уақытта қажетті құжатты табуға көмектесетін гиперсілтеме ретінде қызмет етеді. Осы индекстің арқасында ғаламтордан ғылыми ақпаратты іздеу жеңіл және тиімді. Әр басылым, журнал өзінің ғаламтордағы веб-парақшаларында ағымдағы және мұрағаттағы нөмірлері мен материалдарын орналастырады. Осылайша ашық қолжетімділік арқылы түйіндемеде қамтылатын мақаланың атауын, автордың аты-жөнін, аннотация мен түйін сөздер, жұмыстың орындалу орнын және жарияланған мақалалардың шығыс деректерін (журнал атауы, басылым жылы, том, нөмірі, беті) көруге болады. Бұл қажетті мәліметтер басылым сайтының дұрыс құрылымы болған жағдайда қажетті мақаланы жылдам тауып алуға мүмкіндік береді. Гугл мен Яндекстен кілт сөздер бойынша іздеу басқаша көрінеді. Мұнда көптеген қажетсіз мәліметтер мен ғылыми мерзімді басылымдар шығады. Бұдан құтылу үшін ғалымдар тақырыптық мәліметтер базаларын қолданады. DOI индексінің арқасында жарияланған мәліметтерден дәйексөз алу саны ұлғаяды. DOI сілтемелердің жоғалуын азайтуға көмектеседі. Мұның барлығы не үшін әлемдік қоғамдастық DOI индексі жоқ мақалаларды мойындамайтынын түсінуге мүмкіндік береді. Онсыз (DOI болмаса) жарияланым ғаламторда қажетті тұрақтылыққа ие емес, өзгермелі, тіпті жоғалуы мүмкін. Ал бұл өз кезегінде дәйексөз алу индексіне теріс әсерін тигізеді.

Әдебиеттер тізімі келесідей рәсімделеді:

Кітаптарға сілтемелерде ISBN (10 немесе 13 мәнді) көрсетіледі. Көрсетілген журналдардың ғана атаулары қысқартылады:

http://images.webofknowledge.com/WOK46/help/WOS/0-9_abrvjt.html.

Халықаралық рецензияланатын журналдарда жарияланған мақалаларға сілтеме жасағанда DOI (DigitalObjectIdentifier) көрсетілуі тиіс. DOI мақаланың PDF нұсқасында және/немесе мақаланың негізгі интернет бетінде көрсетіледі, сонымен қатар CrossRef: <http://www.crossref.org/guestquery/> іздеу жүйесін қолдануға да болады. Төменде сілтемелерді рәсімдеу үлгілері келтірілген:

Халықаралық журналдағы мақала

1 Campry TS, Anders T. (1987) SNAP receptors implicated in vesicle targeting and fusion, Environ Pollut, 43:195-207. DOI: 10.1016/0269-7491(87)90156-4 (in Eng)

Ағылшын тіліндегі нұсқасы жоқ орыс тіліндегі журналдағы мақала

2 Ivanova TV, Samoilova NF (2009) Electrochemical Energetics [Elektrohimicheskaya energetika] 9:188-189. (In Russian)

Кітаптар:

Timrat TA (2008) Soil pollution: origins, monitoring and remediation, second edition. Springer, Germany. ISBN: 978-3-540-70777-6

Конференция материалдары:

Monin S.A. (2012) Treatment techniques of oil-contaminated soil and water aquifers. Proceedings of International Conference on Water Resources and Arid Environment, Riyadh, Saudi Arabia. P.123.

Патенттер:

Barin AB, Mukamedzhan NT (2000) A method for determination of 1,1-dimethylhydrazine and nitrosodimethylamine [Metodopredeleniya 1,1-dimetilgidrazina initrosodimetilamina]. Preliminary Patent of the Republic of Kazakhstan [Predvaritelnyi patent Respubliki Kazakhstan]. (In Russian)

Стандарттар, МЕМСТ-тер:

RMG 61-2003. Indexes of accuracy, precision, validity of the methods of quantitative chemical analysis, methods of evaluation [GSI.Pokazatelitochnosti, pravilnosti, retsizionnosti metodik kolichestvennogo himicheskogo analiza. Metodyiotsenki]. Moscow, Russia, 2003. (In Russian)

<http://www.translit.ru/> сайтындағы түрлі жүйелерді қолдана отырып, орысша мәтінді латын әріптеріне транслитерациялау бағдарламасын тегін қолдануға болады. Бағдарлама күрделі болмағандықтан дайын сілтемелерге оңай қолданылады. Мысалы, АҚШ Конгресі Кітапханасының (LC) жүйесі нұсқасын таңдай отырып, өзара сәйкес әріптер кескініне қол жеткіземіз. Арнайы аймаққа орыс тіліндегі библиографияның толық мәтінін қойып, «в транслит» нүктесін басамыз. Транслицияланған сілтемені түрлендіреміз:

- 1) мақаланың тақырыбындағы транслитерацияны алып тастаймыз;
- 2) аймақтар арасындағы арнайы бөлгіштерді алып тастаймыз (“//”, “-“);
- 3) дереккөздің атауын курсив жазумен ерекшелейміз;
- 4) жыл көрсеткіштерін жартылай қалың шрифтпен белгілейміз;
- 5) мақаланың тілін көрсетеміз (in Russ.).

Мақаланың соңында қазақ тілінде түйіндеме беріледі. Орыс тіліндегі нұсқасына ұқсас рәсімделеді. Беттің ортасына: 1) мақала атауы; 2) автордың аты-жөні; 3) ұйым атаулары; азат жолдан – **Түйін сөздер**, одан кейін **Аннотация** жазылады.

Соңғы бетке барлық авторлар қол қояды, мерзімі жазылады.

3. Мақалалар орыс, қазақ, ағылшын тілінде жарияланады.

4. Мақаланы қайта өңдеу барысында журналдың редакциялық алқасының өтініші бойынша мақаланың келіп түсу уақыты редакцияның соңғы нұсқаны алған мерзімі болып саналады. Егер мақала қабылданбаса, редакцияның қабылдамау себептері жөнінде талқылау жүргізбеуге құқығы бар.

Мақала авторларынан барлық материалдарды бір құжатқа біріктіріп (бір файлға) ұсынып, мақаланы рәсімдеу барысында нақты Ережеге сүйенуін сұраймыз.

Полезные ссылки



webofscience.com



my.endnote.com



researcherid.com



incites.thomsonreuters.com



clarivate.ru



youtube.com/WOKtrainingsRussian

Полезные ресурсы

- <https://youtu.be/AKmpFbPF0h0>
- <http://info.clarivate.com/rcis>
- <http://webofscience.com/>
- <http://crossref.org/>
- <http://www.researcherid.com/>
- <https://orcid.org/>

Құрметті авторлар!

Қазіргі уақытта 250-ге жуық қазақстандық ЖОО мен ғылыми ұйымдар Clarivate Analytics пен Springer сынды беделді халықаралық компаниялардың ақпараттық қорларына кіруге мүмкіндігі бар. Соңғы төрт жылда Thomson Reuters компаниясының Web of Science Core Collection ресурсының қолдану статистикасына сәйкес қазақстандық жазылушылардың жолдауларының/қарауларының саны 4 есеге артқан. Әлемдік ғылыми білім базаларына қолжетімділікті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2011 жылы желтоқсанда өткен ғалымдардың Бірінші форумында ғылымды дамытудың басты құралы ретінде атап өткен еді.

Қазақстандық ғалымдардың жарияланымдары әлемдегі ең көп дәйектелетін мақалалардың 1%-на кіреді.

Дәйек алу барысында барынша қазіргі заманғы мәліметтерге сүйеніп, өз еңбектеріңізден мүмкіндігінше аз қолданғандарыңыз жөн, халықаралық ресурстардың ақпарат дереккөздерінің іздестірулерін қолданыңыз.

Қолданылатын әдебиет дереккөздерге сілтемелер ескертілуі бойынша тік жақшалармен беріледі (кем дегенде 20).

Редакция тел. 272-13-19. +7-777-394-33-89

ҚР ҰҒА сайты: [http:// nauka-nanrk.kz/](http://nauka-nanrk.kz/)

Эл. адрес: akadem.nauk@mail.ru

Төлем мақаланы мақұлданып, журнал нөміріне енгізілгеннен кейін жасалады, авторға төлем реквизиттері бар хат жолданады.

ҚР ҰҒА Төралқасының 22.08.2010 жылғы № 27 Қаулысына сәйкес:

ҚР ҰҒА Баяндамалары, ҚР ҰҒА Хабаршысы, ҚР ҰҒА Хабарлары.

Сериясы журналында жариялау 10 000 теңге.

«ҚР ҰҒА хабарлары. Геология мен техникалық ғылымдар сериясы» журналында жариялау үшін 35 000 теңге. Мақалалар ағылшын тілінде қабылданады.

Барлық төлемдер төменде көрсетілген реквизит бойынша қабылданады:

РОО «Национальная академия наук РК»

г.Алматы, ул. Шевченко, 28.

БИН: 031040001035

ИИК: KZ 406 017 131 000 056 009

АО «Народный Банк Казахстана»

БИК: HSBKKZKX

Кбе 18.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ ЭТИКА

Редакциялық этика – табысты жұмыс жүргізу үшін редакция (басылым) мен автор өзара оң қарым-қатынас жасайтын бекітілмеген ереже. Төменде көрсетілгендер маңыздысы болып есептеледі:

1) плагиатқа жол бермеу, редакциялық құпияны сақтау, яғни автордың келісімінсіз кітаптары шыққанға дейін және одан кейін де баспаханадағы зертханалық жұмысты жарияламау (адамгершілігін, туындыларындағы кемшіліктерді, ескертулер немесе түзетулерді басқа біреумен бірге талқыламау, ішкі рецензияларды өзгеге таныстырмау), автордың рұқсатынсыз түпнұсқасын оқуға бермеу;

2) автор мен еңбектеріне құрмет көрсете отырып, оның жеке ой-тұжырым, талап-тілектерін жеке сыни көзқарастармен басып тастамай, керісінше жете ұғынуға, қолдауға тырысу, сыйластықпен қатынас жасау, авторға жеке шарттарды ұсынбай, тек жақсы негізделген ескертпелерге сүйене отырып келісу, ешқандай жағдайда автордың түпнұсқасын өздігінен иемденбеу;

3) автордың туындысының сапасы редакция байқаған автор қателерімен анықталмайтындығын ескерген жөн.

АВТОРЛАРҒА ҰСЫНЫС

1. Өзекті тақырыпты таңдаңыз. Қазақстанда өзекті болған тақырып шетелде сұранысқа ие емес немесе өте ескірген болуы мүмкін.

2. Зерттеудің ғылыми жаңалығын, түпнұсқалығын көрсету, тандалған тақырыпқа бар мақалаларды талдау керек. Ол үшін Scopus, Clarivate Analytics,

Web of Science, Springer Link базаларында жарияланымдарды, мақала тақырыбы бойынша шетелдік журналдардың соңғы шығарылымдарын қарап шығу керек.

3. Әртүрлі және жаңа дереккөздерді – кітаптарды, мақалаларды, диссертацияларды максималды қолдану.

4. Зерттеу нәтижелерін әлемдік зерттеуермен салыстырып талдау, сіз соңғы оқиғалардан, жаандық тенденциялардан және жаңалықтардан хабардар екеніңізді, зерттеудің өзекті екенін көрсетуіңіз керек.

5. Мақаланың тақырыбы қысқа және ақпаратты болуы қажет, әсіресе, тақырыптамасы тар болса аббревиатураларды қолданудан бас тартқан жөн.

6. Сапалы аударма жасау және аударатын және аударылатын тілді жақсы білетін, тәжірибесі бар аудармашыға аударту қажет. Өкінішке қарай, сапасыз аударма уақыт жоғалту мен жаңа шығындарға алып келеді.

ҚҰРМЕТТІ АВТОРЛАР!

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы журналдарының ресми сайттары бар. Авторлардың төмендегі сайттарға кіріп, қарап шығуын өтінеміз, егер бір нәрсе қосқыңыз немесе түзеткіңіз келсе, бізге хабарласыңыздар. Біз әрқашан журналдар мен сайттарды жетілдіру үшін барлық күш-жігерімізді жұмсауға дайынбыз. Тізім төменде ұсынылды:

№	Басылым атауы	Сайттардың мекенжайы
1	Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы	bulletin-science.kz
2	Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Баяндамалары	reports-science.kz
3	ҚР ҰҒА Хабарлары. Химия және технология сериясы	chemistry-technology.kz
4	ҚР ҰҒА Хабарлары. Биология және медицина сериясы	biological-medical.kz
5	ҚР ҰҒА Хабарлары. Аграрлық ғылымдар сериясы	agricultural.kz
6	ҚР ҰҒА Хабарлары. Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясы	soc-human.kz/index.php/kz/
7	ҚР ҰҒА Хабарлары. Физика, математика және информатика сериясы	physics-mathematics.kz
8	ҚР ҰҒА Хабарлары. Геология және техника ғылымдар сериясы	geolog-technical.kz/index.php/kz/